

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 25-ОД бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 21 маусымдағы N 134-ОД бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1167.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Z980213_ Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 25-ОД бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 22 мамырда N 773 V990773_ нөмірмен тіркелген Рыноқта үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің Мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесіне мынадай толықтырулар енгізілсін:

2-тараудың 5-тармағы үшінші абзацындағы, 11, 12-тармақтардағы "қаулысымен" деген сөз "бұйрығымен" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тараудың 6-тармағының екінші абзацы "сондай-ақ нақты ортаға берілген мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар бұрын монопольді түрде орындаған рыноктағы қызмет көрсетулер" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақ мынадай мазмұндағы 3-тармақшамен толықтырылсын: мемлекеттік кәсіпорындар монопольді түрде қызмет көрсетулердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлерін көрсеткен кезде;

17-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Экономиканың бәсекелес саласындағы бағаларға мемлекеттік реттеу жүргізген кезде Уәкілетті орган табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін қолдануға құқылы".

3-тараудың 19-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тізілімге енгізілген шаруашылық жүргізуші субъектілер екі аптадан кешіктірмей орталық (аумақтық) уәкілетті органды алдағы уақытта монопольды түрде өндірілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) босату бағасын көтеру туралы және оларды көтерудің себептері туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті".

2. Заң басқармасы (Е. Машинистова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдастыру-қаржы басқармасы (С.Н.Исаев) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты Агенттіктің аумақтық органдарына және Мемлекеттік тізілімнің республикалық бөліміне енгізілген, рынокта үстем жағдайға ие субъектілерге жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төрағаның орынбасары М. Аманбаевқа жүктелсін.

Агенттік төрағасы

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Балабекова Г.Г.